

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кеген аудандық әкімдігінің 2022 жылғы 15 ақпандағы № 28 қаулысы. Күші жойылды - Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 24.11.2022 № 178 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7) тармақшасына "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Кеген ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде 1-қосымшаға сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Кеген ауданының әкімдігінің "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2019 жылғы 7 маусымдағы № 87 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5166 болып тіркелген, "Әділет" нормативтік-құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2019 жылғы 10 маусымда жарияланған) күші жойылған болып танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қабылбеков Кеңес Күнесбаевичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рет саны	Мекеме, кәсіпорын атауы	Белгіленген квота саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің орташа тізімдік санынан пайызы)	Бөлінген квота саны (адам)
1	Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Кеген аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	125	2 %	2
2	"Алматы облысының ветеринария басқармасы" ММ-нің шаруашылық жүргізу құқығындағы Ветеринариялық пунктері бар Кеген ауданының ветеринариялық станциясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	106	2 %	2
3	"Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-нің "Кеген орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	83	2 %	2
4	"Кеген аудан әкімдігінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік	92		2

	коммуналдық қазыналық кәсіпорны		2 %	
	Барлығы:	406		8

Аппарат басшысы

М. Исаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК